² Казбаева А.Г. Роль и значение общественного мониторинга, проводимого Национальной палатой предпринимателей, в правовом мониторинге нормативных правовых актов // Науч.-прав. ж-л Вестник Института законодательства Республики Казахстан №3 (44) 2016 г. – С. 78-82: Электронная версия журнала: http://www.adilet.gov.kz/sites/default/files/leaflets/vestnik_no344-2016_na_sayt.pdf

SOME ASPECTS OF DEVELOPMENT OF LEGAL MONITORING AND ITS PROSPECTS

Kazbayeva Assel Gabidenovna

Head of the Center for Legal Monitoring at the Legislation and Legal Information Institute of the Republic of Kazakhstan, the Republican state enterprise on the right of economic management, docent of the Kokshetau University named after A. Myrzakhmetov, candidate of law sciences, Nur-Sultan city, Republic of Kazakhstan; e-mail: a.kazbaeva@adilet.gov.kz

Omarova Nazgul Nurlybayevna

Senior Research Fellow of the Center for Legal Monitoring at the Legislation and Legal Information Institute of the Republic of Kazakhstan, the Republican state enterprise on the right of economic management, Nur-Sultan city, Republic of Kazakhstan; e-mail: na.omarova@adilet.gov.kz

Keywords: monitoring of regulatory acts; legal monitoring; monitoring of legislation and enforcement; monitoring of regulatory acts; legal acts; effectiveness of legislation; evaluation and forecasting

Abstract. The article discusses the issues of improving the legal monitoring studied in the framework of applied scientific research «Evaluation of the effectiveness of the implementation of laws as a prerequisite for improving legislation and branches of law», approved by the Road map of the Legal Monitoring Center for 2019. In this paper, an analysis of the content of “legal monitoring” concept is conducted and the legal constructions that are promising for practical application are identified through regulatory legal acts.

Such study is a relatively new area in Kazakhstan legal science. Meanwhile, the article reveals the issues of legal nature and the establishment of legal monitoring as a legal institution.

At the present stage of development of the legislative system in the context of the continuing trend of increasing the pace of legislative activity requires the timely updates of legal acts and their streamlining. These tasks are of paramount importance and are particularly relevant in the light of the implementation of the provisions of the Legal Policy Concept of the Republic of Kazakhstan for the period from 2010 to 2020, approved by Decree of the President of the Republic of Kazakhstan on August 24, 2009.

At the same time, an analysis of the practice of legal monitoring done by state bodies shows that the goals and objectives of this activity are not fully implemented, since the function of monitoring the legislation and law enforcement practice still requires improvement

This article is focused on solving problems on interaction with state bodies in the process of conducting legal monitoring, evaluation and forecasting the effectiveness of current legislation in the country, as well as improving the legal system of the Republic of Kazakhstan. A comprehensive study of legal monitoring has led to the development of scientifically based approaches to the selection of recommendations for improving legislation in this direction, both at the monitoring stage in relation to regulatory legal acts and in the aspect for cooperation in legal monitoring as a result of its enforcement.

In addition, the paper draws attention to the importance of the qualitative side of legal monitoring, which should consider public opinion, in particular, involvement of the National Chamber of Entrepreneurs, universities, research institutes and centers, as well as citizens for return of experience on the development of legislation. Based on the findings, the authors presented an attempt to systematize the main structural elements of the institute of legal monitoring and presented practical propositions for its prospective efficiency³.

Құқықтық мониторинг Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамызында бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Жарлығы, «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы

6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы, «Құқықтық мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 29 тамыздағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 486 қаулысы негізінде мемлекеттік органдармен өздері қабылдаған және (немесе) өздері әзірлеушілері болған не өздерінің құзыретіне жа-

³ Kazbayeva A. G. The role and importance of public monitoring conducted by the National Chamber of Entrepreneurs in the legal monitoring of regulatory legal acts // Қазақстан Республикасы Заңнама институтының Жаршысы ғылыми-құқықтық ж-л № 3 (44) 2016 ж. – 78-82-б.: Журналдың электрондық нұсқасы: http://www.adilet.gov.kz/sites/default/files/leafflets/vestnik_no344-2016_na_sayt.pdf

татын нормативтік құқықтық актілерге жүргізіледі.

«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында⁴ білім беру, жұмыспен қамту, әлеуметтік қамсыздандыру, кәсіпкерлік, қаржыландыру, табиғи монополиялар, экология және т.б. салалардағы заңнамаға тиісті өзгерістер енгізу міндеті қойылды. Сонымен бірге, «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру»⁵ атты 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауында, Елбасы заңның үстемдігін қамтамасыз ету қажеттігін және одан да белсенді құқықтық реформаларды алға жылжыту қажеттігін ерекше атап өтті. Бұл үрдіс Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің жыл сайынғы жолдауларында, сондай-ақ басқа да стратегиялық құжаттарда ұлттық заңнаманы жетілдіру және заңдардың жоғары сапасын қамтамасыз ету қажеттігі мәселесі бірнеше рет атап өтіледі.

2004 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі өкіміне сәйкес жоғары санаттағы нормалардың қарама-қайшылықтарын, ескірген, декларативті және т.б. нормаларды анықтау үшін заңға тәуелді актілерге тексеру жүргізілгенін атап өткеніміз жөн.

Осы жұмыстың қорытындысы бойынша, «Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану және мемлекеттік органдардың жекелеген нормативтік құқықтық кесімдерінің қолданылуын жою туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы № 124 қаулысымен 416 заңға тәуелді актілердің күші жойылды [1].

Заңға тәуелді актілерге тексерудің он тәжірибесі көрсетіп отырғандай, мұндай жұмыстың тұрақты негізде жүргізілуі қажеттігін көрсетіп отыр.

Осылайша, 2006 жылы бұрын қолданыста болған «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізілді, атап айтқанда: 43-баптың 1-тармағы толықтырылды («2-1) заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүргізу»⁶.

Енгізілген норманы іске асыру мақсатында «Заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдерге мониторинг жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы № 817 қаулысы әзірленіп бекітілді⁷.

Дегенмен, мониторингі ұйымдастыру тәжірибесі бірқатар кемшіліктерді де анықтап берді [2]:

- құқықтық мониторинг объектілерін анықтау тар аяда қарастырылғандықтан (мониторинг заңға тәуелді актілерге ғана жүргізілді) салалық заңнаманың тиімділігін жан-жақты бағалау мүмкіндігін жоққа шығарады;

- құқықтық мониторинг жүргізуде пайдаланылатын әдіснамалық тәсілдердің тиімділігінің жеткіліксіздігі;

- нормативтік талаптарды іске асыруда туындайтын проблемалар туралы ашық ақпараттың жоқтығы [3].

Құқықтық саясат тұжырымдамасында «заң және құқықтық жүйелердің салаларын дамытудағы үрдістерді үздіксіз бақылауға, нормативтік құқықтық актілерді қолдану практикасын талдауға негізделетін заң шығару қызметін болжау және талдамалық қамтамасыз етуге ерекше назар аудару керек»⁸ деп нақты айтылған.

Осылайша, құқықтық мониторинг заң шығару саясатын қалыптастыру үшін болжап-талдайтын ақпарат көзі ретінде мемлекеттік құқықтық саясатты жүзеге асырудың негізгі нысаны болып айқындалған. Тұжы-

⁴ «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы / <http://www.akorda.kz/ru>

⁵ «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауы атты 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауы / <http://www.akorda.kz/ru>

⁶ Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213 Заңы. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Заңымен күші жойылды // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі / http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z060000125_#z0

⁷ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы № 125 Заңының 19-тармағының 8) тармақшасы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі / http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z060000125_#z0

⁸ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы № 817 Қаулысы. «Нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүргізу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 964 Қаулысымен күші жойылды // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: http://adilet.zan.kz/rus/docs/P060000817_#z0

рымдамаға сәйкес құқықтық мониторинг міндеті заңнаманың құқықтық сапасын қамтамасыз ету, сондай-ақ заңнаманың тиімділігін бағалау арқылы заң шығарушы күткен мақсаттарға жетуді қамтамасыз ету болып табылады [4]. Демек, нормативтік құқықтық актілерді тұтастай қайта тексеру, яғни заңға тәуелді актілерге ғана емес, заңнамалық актілерге де мониторинг жүргізу қажеттілігі туындап отыр.

2011 жылдың сәуірінде «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңға алғаш рет «нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингі» ұғымы енгізілді⁹. Нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүргізу қағидасының тиісінше жаңа редакциясы қабылданған болатын¹⁰.

Сонымен қатар, құқықтық мониторинг енгізілген кезден бастап, құқықтық мониторинг нәтижелері Әділет министрлігі жанындағы мемлекеттік органдардың заң қызметтерінің үйлестіру кеңесі шеңберінде мемлекеттік органдармен бірлесе отырып талқыланады. Іс-шаралардың басым бөлігі анықталған кемшіліктерді жою бойынша нақты шаралар әзірлеуге және мониторинг жүргізу жүйесін жетілдіруге бағытталған.

Өздеріңіз білетіндей, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылып, 2016 жылғы 6 сәуірде «Құқықтық актілер туралы»¹¹ Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, оның негізгі ұғымдық аппаратына жаңалықтар енгізіліп, құқықтық мониторинг мазмұнымен оны жүргізу тәртібі қарастырылған [5].

Заңға сәйкес құқықтық мониторинг нормативтік құқықтық актілердің заңдылығын қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың бірі ретінде анықталып отыр. Сонымен, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасына сәйкес құқықтық мониторинг осы Заңның 50 және 51-баптарына сәйкес жүзеге асырылатын, Қазақстан Республикасы заңнамасының жай-күйі және оны қолдану практикасы туралы ақпаратты үнемі бақылау,

жинау, талдау жүйесі екендігі бекітілген.

Бұл ұғым жалпы сипатқа ие, оның «жүйе» арқылы құқықтық мониторингті мемлекеттік функция ретінде ғана емес, мемлекеттің құқықтық саясатының бөлігі ретінде (институты) көрсетеді [4].

Нормативтік құқықтық актілердің мазмұнын жетілдіру, нормативтік құқықтық актілердегі талап етілмеген немесе іс жүзінде қолданылмайтын ережелерді анықтау, нормативтік құқықтық актілерді қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру және басқа шаралар құқықтық мониторингтің басты міндеттері болып табылады.

Осы мақсаттардың іске асырылуы құқықтық мониторингтің екі бағытын анықтайды:

- заңнама жүйесінің жай-күйін кешенді талдау;

- заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау.

Жаңа заңның іске асырылуы үшін «Құқықтық мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 тамыздағы № 486¹² қаулысымен жүзеге асырылған құқықтық мониторинг тетігін жетілдіру және оңтайландыру бойынша жұмыс жүргізілді.

Қаулы мемлекеттік органдардың ұсыныстарын ескере отырып, құжат айналымын азайту және талдамалы анықтамалар жасау рәсімін жеңілдету бойынша қарама-қайшы, тиімсіз енгізілген және ескірген құқық нормаларды құрамайтын актілерге қатысты қабылданды, атап айтқанда:

1) мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы ақпарат жіберу міндеттемесі алып тасталды;

2) талдамалы анықтамаларды жасау кесте толтырумен теңестіріледі;

3) кемшіліктер бар нормативтік құқықтық актілерге ғана талдамалы анықтамалар қалыптастырылады;

4) біртүрдегі барлық нормативтік-құқықтық актілерге кемшіліктердің жоқтығы туралы бір ғана анықтама толтырылады;

⁹ Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U090000858>

¹⁰ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне норма шығармашылық қызметті жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 сәуірдегі № 425-IV Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1100000425#z30>

¹¹ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 964 Қаулысы. «Нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүргізу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 тамыздағы № 486 қаулысымен күші жойылды // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1100000964>

¹² «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1100000425#z30>

5) қортыныды ақпарат нысанының құрылымы жеңілдетіледі және мемлекеттік органдар ұсынатын ақпарат көлемі екі есе азаяды;

6) мемлекеттік органдар әділет органдарына ұсынатын қорытынды ақпарат жіберу мерзімі ұзартылады;

7) құқықтық мониторинг жүргізген кезде қоғамдық мониторинг материалдарын мемлекеттік органдардың пайдаланылуы қарастырылады.

Құқықтық мониторинг жүргізу тетігін жеңілдетуден басқа, жана рәсім құқықтық мониторинг нәтижесінің сапасын арттыруға бағытталған. Сонымен, қаулыда Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, қоғамдық кеңестер, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтар жүргізетін нормативтік құқықтық актілердің қоғамдық мониторингі нәтижелерін құқықтық мониторингте қолдану қажеттілігі белгіленген.

«Құқықтық актілер туралы» Заңның 50-бабы арқылы да мемлекеттік басқару жүйесі қоғамның мемлекеттік емес құрылымдарының ресурстарымен интеграциялануы мүмкін, оған сәйкес мемлекеттік органдар құқықтық мониторингі жүргізуге қоғамдық, ғылыми ұйымдар мен азаматтарды тартуы мүмкін. Бұл жаңашылдық құқықтық мониторинг нәтижелерінің сапасын арттыруға жәрдемдесуге тиіс. Мысалы, Құқықтық мониторинг жүргізу қағидаларының 15-тармағында Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, қоғамдық кеңестер, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтар өткізетін қоғамдық мониторинг нәтижелерін құқықтық мониторингте пайдалану қажеттігі бекітілген. Осылайша, құқықтық мониторинг шеңберінде әртүрлі, соның ішінде мемлекеттік емес көздерден нормативтік құқықтық актілердің қолданысы туралы ақпаратты алу, қорыту және талдау үшін жағдайлар жасалуда.

Алайда, құқықтық мониторинг қорытындысын талдау көрсеткендей, іс жүзінде мемлекеттік органдар құқықтық мониторингі емес, ал оның бір түрі – Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін, ескірген, сыбайлас жемқорлыққа бейім және тиімді іске асырылмайтын құқық нормаларын анықтауға бағытталған формальды-занды сипатқа ие нормативтік құқықтық актілердің мониторингін жүргізеді.

Құқық теориясында құқықтық мониторинг тұжырымдамасы заң қызметінің нормашығармашылық процесс, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің сапасын бағалау, құқық қолдану процесі сияқты сатыларын қамтитынын атап өту қажет [6]. Басқаша сөздермен айтқанда, қолданыстағы заңнама мен оны қолдану практикасы ғана емес, сондай-ақ биліктің барлық тармақтары жүзеге асыратын заң жобалау және өзге де нор-

машығармашылық қызметі мониторингтің объектісі болып табылады. Осы тетіктің тиімділігі үшін оның барлық элементтерінің келісіліп қолданылуы қажет, яғни келісілген дайындау, қабылдау және қолдану сатыларында заңдарға қойылатын базалық талаптардың біртұтастығы арқылы айқындалады. Алайда мемлекеттік органдардың құқықтық мониторингі «тар аяда» түсінуі тек 1-інші элемент – нормативтік құқықтық актілердің мониторингі нормативтік-құқықтық ресімделеді. Бұл ретте, құқықтық мониторингтің өзі құқықтық нормаларды қадағалау мен талдау функцияларын жүзеге асыруды ғана емес, нормативтік құқықтық актілер жобаларына да, әртүрлі қолданыстағы нормативтік құжаттарға қорытындылар дайындаудың алдындағы құбылыстарды да қамтуға тиіс.

Құқықтық мониторингі қолдану тиімділігінің осал тұсы қажетті заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді іске асыру, қабылдау туралы объективті ақпараттың болмауы болып табылады, бұл заң шығарушы мен құқық қолданушы арасындағы кері байланысты бұзатыны сөзсіз. Сондықтан нормашығармашылық бастамашылықтың субъектілері мен құқық қолданушы арасындағы керіс байланыс жүйесін жасаған орынды. Онда ең жақын телеологиялық мақсат ретінде құқық қолдану практикасы мониторингінің тетігін құру болады [7].

Осылайша, құқық қолдану практикасының құқықтық мониторингі тұжырымдамасы шеңберінде іске асырылуға тиіс мынадай міндеттерді бөліп шығаруға болады:

1) арнайы әдістеменің көмегімен құқық қолдану практикасының ағымдағы жай-күйін (сапасын) бағалау, бағалаудың арнайы өлшем-шарттарын және шәкілдерін әзірлеу, оларға сәйкес құқық қолдану практикасының объектілері талданады, бұл ағымдағы заңнамадағы олқылықтар мен коллизияларды анықтауға және мүмкіндігінше уақытында жоюға мүмкіндік береді;

2) құзыретті органдардың құқық қолдану практикасының мониторингін өткізу жөніндегі қызметін ақпараттық қамтамасыз етуді ретке келтіру;

3) қоғамның жалпы даму стратегиясының шеңберінде күтілетін әлеуметтік маңызы бар нәтижені алу үшін қолданыстағы заңнама ауқымын одан әрі жаңғырту үшін құқық қолдану қызметі және құқық қолдану практикасының нәтижесінде шығарылған актілер бойынша қорытындылар мен ұсынымдар қалыптастыру [7; 8].

Құқықтық мониторингтің түпкілікті мақсаты әзірленіп жатқан заң мен онда қамтылған барлық нормалардың сол кездегі қоғамның өмір жағдайына, елдің ілгері дамуға мұқтаж-дығына, экономикалық, әлеуметтік-саяси, эт-

нодемографиялық, рухани, тұлғааралық және өзге де қоғамдық қатынастардың сипатына барынша сәйкестігін қамтамасыз ету ретінде тұжырымдалуы мүмкін деп пайымдаймыз. Осыған орай, құқықтық мониторингтің негізгі мақсаттары мыналар:

- заңнаманың жай-күйі мен мемлекеттік органдардың құқық қолдану қызметін объективті бағалау;

- заңнаманың дамуы мен жетілдірілуі бағытын айқындау, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту;

- мемлекеттік органдар мен жұртшылық арасындағы ынтымақтастық жүйесінің тиімді жұмыс істеуі;

- заңнаманың озық дамуы деңгейіне жетуге тиіс [9].

Осылайша, құқықтық мониторингтің көрсетілген негізгі мақсаттарына қол жеткізу заңнама мен құқық қолдану практикасын жетілдіру бойынша мынадай ұсыныстарды әзірлеу мен іске асыру мүмкіндігін береді:

1. Құқықтық мониторинг ұғымына өзекті сипат беру және оның мақсаттарын қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы нақтылау.

2. Құқықтық мониторинг процесі мен нормашығармашылық қызметі арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ету.

3. Заңнаманың тиімділігін бағалауды және болжауды ескере отырып мониторинг жүргізу.

4. Құқықтық мониторинг нәтижесі қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу практикасын кешенді бағалауды қамтуға тиіс.

5. Құқықтық мониторинг жүргізуге қоғамдық және ғылыми ұйымдарды, азаматтарды тарту.

Жоғарыда жазылғанды қорытындылай келе, тізбеленген міндеттерді шешу арқылы құқықтық мониторингтің негізгі мақсатына қол жеткізу мониторингтік процестің түпкілікті мақсатына жеткізетін құқықтық мониторингтің басты міндетін орындауға көшуге мүмкіндік беретінін атап өткіміз келеді. Яғни, жан-жақты жүргізілген құқықтық мониторинг заңнама жүйесінің жай-күйін кешенді талдау ретінде заңнаманы және құқық қолдану практикасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу және іске асыру мүмкіндігін береді [9]. Заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды осылайша дайындау - дұрыс ұйымдастырудың, сондай-ақ құқықтық мониторингтің барлық субъектілерінің, ең алдымен, уәкілетті органдардың келісілген және ықтиятты еңбегінің нәтижесінде ғана бек мүмкін. Құқықтық мониторингті нормативтік құқықтық актілердің кемшіліктерін айқындайтын мемлекеттік органдар ғана жүргізетіндіктен («Құқықтық актілер туралы» Заңның 50-бабы), мониторинг нәтижелері де тек олардың ұстанымдарына ғана байланысты болмақшы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жумагулов Е.А. Вопросы совершенствования правового мониторинга подзаконных нормативных правовых актов (постановлений Правительства) / Правовой мониторинг в Республике Казахстан: теория, проблемы, перспективы: Материалы международной научно-практической конференции 29 ноября 2012 года. - Астана: Қазақстан Республикасының Заң шығару институты, 2013. - 325 б. С. 24-26.

2. Кулжабаева Ж.О. Правовой мониторинг: проблемы правового регулирования // Правовой мониторинг в Республике Казахстан: теория, проблемы, перспективы: Материалы международной научно-практической конференции 29 ноября 2012 года. – Астана: Қазақстан Республикасының Заң шығару институты, 2013. – С. 11-14.

3. Тлембаева Ж.У., Калиева А.У. Роль правового мониторинга в правовой системе Казахстана // Сетевое издание «Zakon.kz»: <https://www.zakon.kz/analytics/4928598-rol-pravovogo-monitoringa-v-pravovoy.html>

4. Сафарова Т.С. Некоторые аспекты нового законодательства Республики Казахстан о правовом мониторинге // Науч.-прав. ж-л Вестник Института законодательства Республики Казахстан №2 (43) 2016. - С. 79-81; Информационная система «Параграф»: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38652812#pos=0

5. Дюсенов Е.А. Актуальные вопросы совершенствования правового мониторинга: новеллы законодательства // Ж-л Вестник Казахского гуманитарно-юридического инновационного университета, № 4 (32), 2016 – С. 17-21; Электронная версия журнала: <http://www.kazgiiu.kz/wp-content/uploads/2016/04/%D0%92%D0%B5%D1%81%D1%82%D0%BD%D0%B8%D0%BA-%E2%84%964-32-2016.pdf#1>

6. Кравец И.А. Российский конституционализм и конституционный краудсорсинг: перспективы конституционной модернизации / Сборник материалов международной научной конференции «Конституционное право: итоги развития, проблемы и перспективы», 16-18 марта 2017 года, отв. ред. С.А. Авакьян, изд-во «Проспект» - 320 с.; Электронная версия сборника: http://litgid.com/catalog/yuridicheskaya/konstitutsionnoe_pravo_itogi_razvitiya_

problemy i perspektivy sbornik materialov mezhdunarodnoy nauchnoy konferentsii/

7. Берг Л.Н. Мониторинг правоприменительной практики // Научно-практический, экономико-правовой журнал «Бизнес, менеджмент и право»: http://www.bmpravo.ru/show_stat.php?lang=ru&stat=324

8. Правовой мониторинг: актуальные проблемы теории и практики / Под ред. Н.Н. Черногора. - М.: Международный юридический институт, 2010. - 232 с.; Электронная версия издания: <http://lawacademy.ru/upload/iblock/fae/ikntrtvp.%20tovxeayp%20ntcqwzpwqr.pdf>

9. Казиев З.Г. Некоторые вопросы совершенствования правового мониторинга в Республике Казахстан // Науч.-прав. ж-л «Вестник Института законодательства Республики Казахстан» № 2 (38) 2015 г. – С. 123-126; Электронная версия журнала: <http://www.adilet.gov.kz/sites/default/files/leaflets/3.pdf>

REFERENCES

1. Zhumagulov E.A. *Voprosy sovershenstvovaniya pravovogo monitoringa podzakonnyh normativnyh pravovyh aktov (postanovlenij Pravitel'stva) / Pravovoj monitoring v Respublike Kazahstan: teorija, problemy, perspektivy: Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii 29 nojabrja 2012 goda.* - Astana: Қазақстан Республикасының Заң шығару институты, 2013. - 325 б. С. 24-26.

2. Kulzhabaeva Zh.O. *Pravovoj monitoring: problemy pravovogo regulirovaniya // Pravovoj monitoring v Respublike Kazahstan: teorija, problemy, perspektivy: Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii 29 nojabrja 2012 goda.* – Astana: Қазақстан Республикасының Заң шығару институты, 2013. – С. 11-14.

3. Tlembaeva Zh.U., Kalieva A.U. *Rol' pravovogo monitoringa v pravovoj sisteme Kazahstana // Setevoe izdanie «Zakon.kz»: <https://www.zakon.kz/analytiks/4928598-rol-pravovogo-monitoringa-v-pravovoy.html>*

4. Safarova T.S. *Nekotorye aspekty novogo zakonodatel'stva Respubliki Kazahstan o pravovom monitoringe // Nauch.-prav. zh-l Vestnik Instituta zakonodatel'stva Respubliki Kazahstan №2 (43) 2016.* - С. 79-81; Информационная система «Параграф»: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38652812#pos=0

5. Djusenov E.A. *Aktual'nye voprosy sovershenstvovaniya pravovogo monitoringa: novelty zakonodatel'stva // Zh-l Vestnik Kazahskogo gumanitarno-juridicheskogo innovacionnogo universiteta, № 4 (32), 2016 – С. 17-21; Jelektronnaja versija zhurnala: <http://www.kazguiu.kz/wp-content/uploads/2016/04/%D0%92%D0%B5%D1%81%D1%82%D0%BD%D0%B8%D0%BA-%E2%84%964-32-2016.pdf#1>*

6. Kravec I.A. *Rossijskij konstitucionalizm i konstitucionnyj kraudsorsing: perspektivy konstitucionnoj modernizacii / Sbornik materialov mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii «Konstitucionnoe pravo: itogi razvitija, problemy i perspektivy», 16-18 marta 2017 goda, otv. red. S.A. Avak'jan, izd-vo «Prospekt» - 320 s.; Jelektronnaja versija sbornika: http://litgid.com/catalog/yuridicheskaya/konstitucionnoe_pravo_itogi_razvitiya_problemy_i_perspektivy_sbornik_materialov_mezhdunarodnoj_nauchnoj_konferentsii/*

7. Berg L.N. *Monitoring pravoprimeritel'noj praktiki // Nauchno-prakticheskij, jekonomiko-pravovoj zhurnal «Biznes, menedzhment i pravo»: http://www.bmpravo.ru/show_stat.php?lang=ru&stat=324*

8. *Pravovoj monitoring: aktual'nye problemy teorii i praktiki / Pod red. N.N. Chernogora.* - М.: Международный юридический институт, 2010. - 232 с.; Электронная версия издания: <http://lawacademy.ru/upload/iblock/fae/ikntrtvp.%20tovxeayp%20ntcqwzpwqr.pdf>

9. Kaziev Z.G. *Nekotorye voprosy sovershenstvovaniya pravovogo monitoringa v Respublike Kazahstan // Nauch.-prav. zh-l «Vestnik Instituta zakonodatel'stva Respubliki Kazahstan» № 2 (38) 2015 g.* – С. 123-126; Электронная версия журнала: <http://www.adilet.gov.kz/sites/default/files/leaflets/3.pdf>